inCRAFT

ЖАСАМПАЗ ҰЛТТЫҢ ҰТЫМДЫ ШЕШІМДЕРІ

SmartNation

BALABAQSHA

# Баланы балабақшаға тіркеу үшін ваучерді қалай қолдану керек

# Басты бет




Басты бетте келесі ақпараттар бар:

- ваучер алуға кезектер,
- мектепке дейінгі ұйымдардың каталогы,
- статистика,
- басқа ата-аналардың пікірлері.

Сайттың оң жақ жоғарғы бөлігінде геолокация мен тілді өзгерте аласыз.
Порталға тіркелу үшін **“Тіркелу”** батырмасын шертіңіз.
Егер сіздің тіркеулік жазбаңыз бар болса, онда **“Кіру”** батырмасын басыңыз.

# Тіркелген пайдаланушылар

Егер порталда сіздің тіркеулік жазбаңыз бар болса, келесі қадамдарды орындаңыз:

- Басты беттің оң жақ жоғарғы бұрышындағы **“Кіру”** батырмасын шертіңіз.
- Өз логиныңыз бен құпия сөзіңізді енгізіңіз.
- **“Жүйеге кіру”** батырмасын шертіңіз.




Егер құпия сөзіңізді ұмытып қалсаңыз:

- **“Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?!** батырмасын шертіңіз.
- Телефон нөмірін енгізіңіз.
- **“Жіберу”** батырмасын басыңыз.
- Сіздің телефон нөміріңізге келетін кодты енгізіңіз
- Жаңа құпия сөз ойлап табыңыз және оны қайталаңыз.
- **“Жіберу”** батырмасын басыңыз.



# Ваучерді алу үдерісі

Сіздің кезегіңіз келгенде, сізге ваучердің берілгендігі туралы хабарлама жіберіледі.

Оны белсендіру үшін хабарламадағы сілтеме бойынша 2 жұмыс күні ішінде өз қызығушылығыңызды растау қажет.

Растау болмаған жағдайда ваучер жойылады, ал өтініш тоқтатым парағына ауысады.






# Ваучерді алу үдерісі

**"Растау"** батырмасын шертіп, сіз өзіңіздің ваучерге қызығушылығыңызды растайсыз.




**Маңызды!**
Сізден ваучерге қызығушылық расталғаннан кейін, сіз балабақшаны таңдап, онымен электронды шартқа отыру үшін 5 жұмыс күні бар.

Егер сіз қабылдау процесін көрсетілген мерзімде аяқтамасаңыз, онда 5-ші күні жүйе ваучерді тағы 2 күнге ұзартуға мүмкіндік береді.

Егер сіз белгіленген мерзімде балабақшаға тіркелмесеңіз, онда ваучер жойылып, сіздің өтінішіңіз мұрағатқа көшіріледі.



# МДҰ-ға қабылдану үдерісі

Балабақшаны таңдау үшін:

- **“МДҰ таңдау”** батырмасын басыңыз.
- Сәйкес балабақшаны таңдаңыз.
- **“Қабылдану”** батырмасын шертіңіз.
- Баланы көрсетіңіз.
- Қабылдану үшін топты таңдаңыз.
- **“Жалғастыру”** батырмасын басыңыз.









# МДҰ-ға қабылдану үдерісі

Балабақшаны таңдаған соң өтініш қаржыландыру түрін таңдау қадамына өтеді:

- Ақпаратпен танысыңыз
- Сәйкес қаржыландыру түрін таңдаңыз
- **“Жалғастыру”** батырмасын шертіңіз







Өтініш мәртебесі *“МДҰ-дан шартты күтіңізге”* өтеді, балабақша Сіздің өтінішіңізді қарастырады және Сізге қол қоюға шарт жолдайды.
Шартты толтырыңыз, құжаттарды тіркеңіз, өз ЭЦҚ-мен қол қойыңыз және МДҰ-ға қол қоюға жіберіңіз.




Балабақша шартқа қол қойған соң сіз балабақшаға қабылданасыз.

# Электронды шарт жасасу үдерісі

Smart Nation BALABAQSHA

1. МДҰ қызметкері сізге ата-анаға қол қоюға электронды шарт жібереді
2. Ата-ана үдеріс жайлы анықтамалық ақпаратпен танысады
3. Ата-ана электрондық шартты ашып, сұралған деректерді толтырады
4. Қажетті құжаттарды тіркейді және сақтайды
6. Одан соң ата-ана шартқа электронды кілтпен (ЭЦҚ) қол қойып, МДҰ қызметкеріне жібереді
7. Барлық құжаттар дұрыс болған жағдайда қызметкер шартқа қол қояды және баланы балабақшаға қабылдайды

inCRAFT

SmartNation

ЖАСАМПАЗ ҰЛТТЫҢ ҰТЫМДЫ ШЕШІМДЕРІ

# Назарларыңызға рахмет!

Байланыс-орталығы:
8 (727) 339-72-22
8 (747) 339-72-22 (WhatsApp)

BALABAQSHA